

шикізат сипаты пиролиз газының құрамына айтарлықтай әсер етпейді. Процесс режимі қандай өнімнің пиролиздің мақсатты өнімі екендігіне байланысты таңдалады. Газ тәрізді көмірсутектерді пиролиздеу кезіндегі процесс температурасын, бензиндік шикізатты пиролиздеу кезіндегіден, аса жоғары ұстап тұру қажет.

Пиролиз газы пиролиз қондырғыларының газдарды бөлу блоктарында сутекке, метанға, этанға, этиленге, пропиленге, пропанға, бутилен-бутадиендік фракцияларға бөлінеді. Бутилен-бутадиендік фракциядан синтетикалық каучук өндірісінің шикізаты — бутадиен-1,3 бөлінеді.

*Пиролиз шайыры.* Пиролиз шайыры деп процесте алынатын  $C_5$  және одан жоғарғы сұйық көмірсутектерді айтады. Пиролиздік шайырдың мөлшері негізінен пиролиз шикізатына байланысты, оны төмендегі мәліметтерден көруге болады:

	Шайыр шығымы, % (масс) шикізатқа
Этан.....	2—3
Пропан.....	8—10
Бутан.....	5—8
Жеңіл бензин (қ. б. —145°C).....	20—25
Керосин-газойльдік фракция.....	30—35

Шайырдың шығымы пиролиз температурасы төмендеген кезде де артады. Мысалы, төменгі температуралық (740°C) пиролиз кезінде шайыр шығымы 30-45%-ды құрайды, ал жоғары температуралық (800°C) пиролиз кезінде ол 5-20%-ға дейін төмендейді.

Пиролиз шайыры құрамында 10-15% диенді көмірсутектер, 10-15% олефиндер, 25-30% бензол, 10-15% толуол, сонымен қатар стирол және инден типті қанықпаған қосылыстар, циклолефиндерден — циклопентадиен және т.б. болады. Пиролиз шайырын өңдеу екі нұсқа – отындық және химиялық нұсқалар бойынша жүзеге асырылады.

Отындық нұсқа кезінде шайыр екі фракцияға – жеңіл және ауыр фракцияларға бөлінеді. Жеңіл фракциядан гидрлеу арқылы қанықпаған көмірсутектер бөлініп шығарылады, тазартылған өнім – гидротұрақтанған бензин деп аталынып, октандық саны 74-78 пункттерінде болады және тауарлық автобензин компоненті ретінде қолданылады. Ауыр фракция қазандық отынға бағытталады.

Шайыр химиялық нұсқа кезінде қайнау басы — 70°C, 70-130°C, 130-160°C, 160-200°C, 200-230°C, 230°C жоғары фракцияларға бөлінеді. Қ.б. 70°C фракциядан циклопентадиен және изопрен, 70-